

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылға арналған стипендиясын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 мамырда № 13712 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылға арналған стипендиясын министрліктер мен "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы арасында бөлу бекітілсін.

2. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Экономика және қаржы департаменті (А. Өтешова) көрсетілген стипендияны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап төлеуді жүзеге асырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*Б і л і м                      ж ә н е                      ғ ы л ы м                      м и н и с т р і н і ң*  
*м і н д е т і н а т қ а р у ш ы                      Е. Иманғалиев*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м                      ж ә н е                      ғ ы л ы м                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 6                      ж ы л ғ ы                      1 3                      с ә у і р д е г і  
№ 269 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылға арналған стипендиясын министрліктер мен «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы арасында бөлу**

№	Мемлекеттік орган, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы	Стипендия	
		студенттерге	магистранттарға
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	896	7
2	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	12	
3	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	112	1
4	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	57	
5	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы	3	
БАРЛЫҒЫ		1080	8